**Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ**
**КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ**
**ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ**

**Факультет кеңесінде бекітілді**
**Көптілді білім беру факультеті**

**Факультет деканы______ Султангубиева А.А.**
**хаттама № 6 «22» 02 2021 ж.**

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

**7М023-Филология (2жыл)**
(білім бағдарламасының атауы)

**2021-2022 оқу жылы**

**Атырау, 2021**

| № | Пән коды мен атауы | Курс мақсаты<br>Негізгі бөлімдердің қысқаша сипаттамасы | Пререквизиттер | Қалыптасатын құзыреттіліктер | Пәндер циклы (ЖБП, БП, КП) | ЖОК,ТК | академ. - кредиттер көлемі | семестрі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1 курс** | | | | | | | | |
| 1 | GTF5201Ғылымның тарихы мен философиясы | Ғылым феноменінің мәселелерімен таныстырып, ғылымның тарихы мен теориясы, ғылым дамуының заңдылықтары және ғылыми білімнің құрылымы, ғылымның мамандық және әлеуметтік институт ретіндегі ерекшеліктері, ғылыми ізденіс жүргізу әдістері, ғылымның қоғам дамуындағы рөлі туралы білім қалыптастырады. Ғылыми ойлау мәдениеті, сараптамалық қабілет пен ізденіс қызметінің дағдыларын дамытып, ғылыми мақала, тезистер жазу, конференция, симпозиум, дөңгелек үстел, пікірталастарда сөйлей білу машықтарын меңгереді. | Философия | Білуі: ғылымның тарихы мен теориясын, даму заңдылықтарын;<br>Түсінуі; ғалымды жан жақты игеру;<br>ғылыми ізденіс жүргізу әдістерін игеру;,<br>Қолданылуы: ғылыми мақала, тезистер жазу, конференция, дөңгелек үстел, сөйлей білу машықтарын меңгеру | БП | ЖОК | 5 | 1 |
| 2 | ShT 5202Шетел тілі | Шет тілін оқыту процесінде магистранттардың мәдениаралық және коммуникативті құзіреттілігін қалыптастыру (А2, жалпыеуропалық құзіреттілік) және негізгі жетімділік деңгейі (В1, жалпыеуропалық құзіреттілік).<br>Оқыту деңгейіне байланысты, егер магистрант тілді жалпы европалық құзіреттіліктің В1 деңгейінен жоғары болса, курсты аяқтаған кезде ол жалпы европалық құзіреттіліктің В2 деңгейіне жетеді. | Шетел тілі, Кәсіби бағытталған шетел тілі | Білуі:<br>лексиканы, білімнің грамматикалық жүйесін және ниеттің прагматикалық мазмұнын толық түсінуге негізделген тіл мен сөйлеу құралдарын дұрыс таңдап, қолдана білу;<br>Түсінуі: мәтін мазмұнын жеткізу, қорытынды жасай алу, мәтіннің соңғы бөлігін және оның жеке құрылымдық бөліктерін сипаттай білу,<br>мәтіндік ақпаратты | БП | ЖОК | 5 | 1 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | түсіндіру, әлеуметтік, әлеуметтік, мәдени, қоғамдық-саяси, ағартушылық және кәсіби мәтіндердің стилі мен жанрлық ерекшеліктерін ашу. Қолданылуы: теориялық білімді практикада жүзеге асыру | | | | |
| 3 | PZhM5203Жоғары мектеп педагогикасы | Жоғары мектеп педагогикасының мақсаты – студенттерді оқу орындарының кез келген түрімен байланыстыратын педагогикалық іс-әрекетке даярлау. Жоғары мектеп педагогикасының міндеттері: студенттерді болашақ мамандықтың теориясы және технологиясымен танысуға бағыттау; студенттерді жоғары мектеп педагогикасы саласындағы өзекті зерттеу мәселелерін анықтап, талқылауға жағдай туғызу; студенттерді жоғары оқу орындары мен жалпы мектеп арасындағы байланысты жан-жақты зерттеуге баулу. | Жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ әдебиетін оқыту, Жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ тілін оқыту әдістемесі | Білуі: педагогикалық жеке құбылыстардың мәнін ашып, ең бастысы, олардың өзара байланысын, бір-біріне ықпалының қандай деңгейде екендігін көрсетеді. Түсінуі: Жоғары мектеп педагогикасының негізгі категорияларын: тәрбие, білім беру, оқыту, педагогикалық процесс, тұлға, іс-әрекет, қарым-қатынас, дамыту, қалыптастыру, заңдылықтар, әдіснамаларын игереді Қолдануы: Теориялық білімді мектепте қолданады | БП | ЖОК | 5 | 1 |
| 4 | BPi 5204Басқару психологиясы | Пәннің мақсаты стандартизация, сапа менеджменті жүйесін, денсаулық сақтау маркетингін басқару бойынша тәжірибелік және теориялық дағдыларды қалыптастыру, нарықтық экономика бойынша магистранттарбілімін тереңдету. Бөлім немесе бүтін ұйымдағы басқару дағдыларын, білімдерін қалыптастыру, ішкі және сыртқы нарықтағы жұмысты ұйымдастыру, басқарушылық шешімдерді қабылдауда нәтижелі | Экономика және құқық негіздері | Білуі: басқару психологиясының обьектісін, заңдылықтарын, әкімшілік мектеп; Түсінуі: Психологиялық заңдар мен басқарудың негізгі концепцияларын Қолдануы: Теориялық білімді практикада жүзеге асыру | БП | ЖОК | 5 | 1 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | әдістер мен құралдады қолдану | | | | | | |
| 5 | TBZhB 5301Тіл білімінің жаңа бағыттары | Пән мақсаты: магистранттарды жаңа ғылыми теорияларды, концепцияларды талдап, олардың методологиялық негіздерін, өзекті 6 мәселелерін анықтау арқылы қазіргі тіл ғылымының жай-күйі туралы білімдер жүйесімен қаруландыру. Міндеттері. магистранттарды ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасауға үйретіп, тіл туралы қазіргі ғылыми білімдерін жүйелеуге көмектесу; - әртүрлі теориялардың терминдік жүйесімен, олардың жетістіктерімен қаруландыру, - жаңа теориялар мен концепциялардың методологиялық негіздерімен, тілді зерттеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру; - қазіргі қазақ және әлем тілдеріндегі белсенді үдерістерді түсіндіре алатындай дәрежеге жеткізу. | Тіл біліміне кіріспе, Жалпы тіл білімі | Білуі тиіс: - жалпы тіл біліміндегі, қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттарға арналған ғылыми әдебиеттермен, ондағы теориялық тұжырымдармен, концепциялармен танысып, оларды меңгеруі тиіс; - теориялық білімдерін практикалық қолданбалы мақсаттағы жұмыстармен ұштастыра білуі тиіс; - тіл біліміндегі жаңа технологиялар мен әдіс тәсілдерді меңгеруі тиіс. Магистрант жасай алуы тиіс: - әлемдік, отандық тіл ғылымдары дамуындағы жаңа тұжырымдар мен концепцияларды сыни тұрғыдан қарастырып, өзінің ғылыми көзқарастарын ғылыми форумдар мен семинарларда, конференцияларда еркін жеткізе білуі; Түсінуі: - тіл ғылымындағы әртүрлі бағыттар негізінде алған білімдерін өзара ұштастыра отырып аналитикалық талдау жасай алу, осы негізде өз білімдерін кеңейтіп, тереңдете алу; - ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін ғылыми мақалалар мен диссертациялық жұмыстарды жазуда еркін | БП | ТК | 8 | 1 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | пайдалана білу.<br>Қолдануы: - алған білімдерін көпшілікке жеткізе білуге, әріптестері мен ғылыми мамандардың алдында өз көзқарастарын дәлелдей алуға; - алған білімдерін одан әрі жетілдіруге, тереңдетуге;<br>алған білімдері негізінде жаңадан туындаған күрделі мәселелерді шеше алуға дағдылануы тиіс. Құзіретті болуы тиіс: тіл білімінің жаңа бағыттарын терең түсініп, алған білімдерін өздерінің зерттеу жұмыстарында және пәнді оқыту жұмыстарында пайдалана білу; | | | | |
| | TTIN 5301 Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері | Пәнді оқытудың мақсаты Тіл тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері ертеден бері қарай тілдің даму сатысын нақты тілдік деректер негізінде (жазба тіл, диалектілер т.б.) қазақ тілі дамуындағы басты кезеңдер мен бағыттарды, олардың қалыптасу тарихы мен бүгінгі күнге дейінгі ұлттық жазба әдеби тіл дәрежесіне жету жолдарына дейінгі, ондағы түрлі тілдік жүйелердің, грамматика мәселелерінің, түрлі тілдік тұжырымдар мен теориялардың пайда болу жолдары мен тарихын, ерекшеліктерін, мән-жайын жан-жақты қарастырады.<br>Пәннің негізгі тараулары Тіл тарихын дәуірлеуге байланысты, түркологияға, тіл тарихына қатысты жазылған көптеген зерттеулердің теориялық-методологиялық ерекшеліктері, әдіс-тәсілдері, | Тіл білімі және түркі филологиясына кіріспе,Әдеби тіл тарихы, Жалпы тіл білімі | Білуі тиіс: тіл тарихына катысты жазылған көптеген зерттеулердің теориялық-методологиялық ерекшеліктері, әдіс-тәсілдері, олардың тіл ғылымын дамытудағы ықпалы туралы кең лингвистикалық деректер беріледі.<br>Біліктілігі. мамандық дағдыларын жетілдіреді<br>Дағдысы: Тіл тарихының даму,<br>қалыптасу кезеңдерін, тіл біліміндегі<br>мектептер мен ағымдар,<br>парадигмалық бағыттар жүйесін<br>меңгеру.<br>Құзыреттілігі: | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | олардың тіл ғылымын дамытудағы ықпалы туралы кең лингвистикалық деректер беріледі. Тіл біліміндегі түрлі тілдік өзгерістерге әсер еткен факторлар мен сыртқы жағдайлар, түркологтар мен қазақ лингвист ғалымдарының тілді дамытудағы еңбектері мен тіл ғылымындағы орны, тілдік ғылыми құнды тұжырымдар айтылады. Тіл тарихын дәуірлеудің теориялық мәселелері мен тілдік деректері айтылып, тілдік теориялық мәліметтер беріліп, талданады. Хронологиялық ұстанымды сақтай отырып, тіл ғылымының қол жеткізген бүгінгі табыстары негізінде білім алушы магистранттарға барынша толық, тиянақты білім беру. | | Тіл білімінің ішкі, сыртқы, интралингвистикалық, экстралингвистикалық салалары бойынша теориялық білімдерді меңгереді. Тіл білімнің фонетика, лексикология, морфология, синтаксис салалары бойынша теориялық білімдерді меңгеру. Сауатты жаза білу, сауатты сөйлей білу, шығармашылық қабілетті дамыту. | | | | |
| | AZhB 5301Әдебиеттанудың жаңа бағыттары | Пәннің мақсаты: - жалпы тіл біліміндегі, қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттарға арналған ғылыми әдебиеттермен, ондағы теориялық тұжырымдармен, концепциялармен танысып, оларды меңгеруі тиіс; - теориялық білімдерін практикалық қолданбалы мақсаттағы жұмыстармен ұштастыра білуі тиіс; - тіл біліміндегі жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді меңгеруі тиіс. Пәннің міндеттері: әдебиеттану, әдебиет теориясы пәндерінен алған білімдерін негізге ала отырып әдебиеттанудың жаңа бағыттарына тереңдей еніп, қайшылығы мол әр-түрлі тұжырымдарды салыстыра қарастыру болып табылады. Бұрын үстірт қана айтылып кеткен әдебиеттанудың кейбір мәселелеріне енді бүгінгі ғылыми көзқарастар мен пайымдаулар тұрғысынан нақтылай баға беріп, түбегейлі талдап, зерделеудің маңызы ерекше. | Әдебиеттануға кіріспе, Әлем әдебиеті, Әдебиет теориясы | Білуі тиіс: -әлем әдебиетінің тарихы, әдебиеттануға кіріспе, әдебиет теориясы, халық ауыз әдебиеті, қазақ әдебиетінің тарихы, тіл біліміне кіріспе пәндерінен алған білімін әдебиеттанудың жаңа бағыттары сабағында пайдалана алу. - поэтиканың жанрлық ерекшелігін , тегі мен түрін танып, білу Түсінуі:поэтиканың тарихи даму кезеңдерін,әр кезеңнің даму ерекшелігін білу -поэзиялық шығармаларға талдау жасай білу. - Қазіргі әдебиеттанудағы жаңа бағыттардың негізгі сипатын білу. Лингвопоэтика, семиотика, құрылымдық поэтиканың | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Лингвопоэтика, семиотика, құрылымдық поэтика бойынша талдаулар жүргізу. Орыс және қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің шығармашылығын қарастыра отырып ондағы психологизм мәселесін қарастыру, макропоэтикалы, микропоэтикалык ерекшеліктерді айқындау | | негізгі парадигмаларын білу.<br>Қолданылуы:Әдеби туындыдағы психоаналитикалық мотивтер мен мәселелерді талдау, орыс әдебиеті ірі тұлғаларының шығармашылығындағы психологизм мәселесіне талдау жасай білу. | | | | |
| | ATDN 5301 Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері | Пәнді оқытудың мақсаты -<br>Пәннің мақсаты - әдебиет тарихын дәуірлеу туралы әдебиеттану ғылымындағы ғылыми бағалаулардың жүйесін саралап таныту. Осы мақсатты орындау үшін әдебиеттану ғылымындағы ең басты екі тарауы әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы қисындарының тұтаса қолданылу ерекшеліктерін жүйелеп тану міндеті көзделеді. Осы күрделі ғылыми мақсат мен міндетті орындауда магистранттарға әлемдік және ұлттық әдеби үдеріс (процесс) туралы байыптаулардың тарихи – мәдени заңдылықтарына байланысты талдаулар ұсынылады. Әдебиет тарихын дәуірлеуге байланысты жазылған іргелі зерттеулердің теориялық – методологиялық ерекшеліктері, әдіс – тәсілдері, олардың әдебиеттану ғылымын дамытудағы ықпалы туралы кең көлемді мәліметтер беріледі. .<br>Пәннің негізгі тараулары –<br>Әдебиет тарихын дәуірлеуге байланысты жазылған іргелі зерттеулердің теориялық – методологиялық ерекшеліктері, әдіс – тәсілдері, олардың әдебиеттану ғылымын дамытудағы ықпалы туралы кең көлемді мәліметтер | Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті, XIX ғ қазақ әдебиеті тарихы, XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті тарихы, Қазіргі қазақ әдебиеті | Білуі тиіс: Әдеби-эстетикалық түсінігін қалыптастыра отырып, меңгерген білімін әдебиеттанулық ізденістері кезінде және ұлттық әдебиеттің құрылысын зерттеу тұсындағы үлестерін бағамдайды.<br>Біліктілігі: Әдебиеттану ғылымындағы іргелі зерттеулер арқылы қазақ және әлем халықтары әдебиеттері тарихының теориялық мәселелерін айқындаудың бағдарлары түсіндіріледі.<br>Дағдысы: Әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы қисындарының тұтаса қолданылу ерекшеліктерін жүйелеп тану міндеті көзделеді. Осы күрделі ғылыми мақсат мен міндетті орындауда магистранттарға әлемдік және ұлттық әдеби үдеріс (процесс) туралы байыптаулардың тарихи – мәдени заңдылықтарына байланысты талдауларды сараптауға дағдыланады<br>Біліктілігі: кәсіби | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | беріледі. Әдебиеттану ғылымындағы іргелі зерттеулер арқылы қазақ және әлем халықтары әдебиеттері тарихының теориялық мәселелерін айқындаудың бағдарлары түсіндіріледі.<br>Пәнді оқыту барысында қазақ және әлем халықтары әдебиеттері тарихына, әдебиет теориясына, педагогикаға, жалпы тіл біліміне, философияға, дінтануға, әлеуметтануға, саясаттануға байланысты деректер пайдаланылады. | | біліктілігін көтереді.<br>Дағдысы бар: мамандық дағдыларын жетілдіреді.<br>Құзыреттілігі: ұлттық әдебиет құрылысын зерттеу, түрлерімен жан-жақты таныстыруды қамтамасыз ететін білімдік үрдіс. | | | | |
| 6 | ТВОМ 5302 Тіл білімінің өзекті мәселелері | Пәнді оқытудың мақсаты - зерттеу жұмыстарында, ізденулерінде жаңа ғылыми еңбектердегі теориялық тұжырымдамаларды, әдістерді пайдалануға талпындыру.<br>Пәннің негізгі тараулары – жалпы тіл біліміндегі, қазақ тіл біліміндегі актуальды мәселелерге арналған жаңа еңбектермен, ондағы теориялық тұжырымдамалармен, концепциялармен танысу, олардың білімін тереңдету, | Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері<br>Тіл білімінің жаңа бағыттары | Білуі тиіс: Жалпы тіл біліміндегі актуальды мәселелерге арналған жаңа бағыттардың ерекшелігін, түрлерін білуі тиіс.<br>Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді.<br>Дағдысы: мамандық дағдыларын жетілдіреді<br>Құзыреттілігі: қазақ тіл біліміндегі теориялық тұжырымдамалармен, концепциялармен.<br>түрлерімен<br>жан-жақты таныстыруды қамтамасыз ететін білімдік үрдіс. | БП | ТК | 7 | 2 |
| | КТВМ 5302 Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері | Пәнді оқытудың мақсаты - зерттеу жұмыстарында, ізденулерінде жаңа ғылыми еңбектердегі теориялық тұжырымдамаларды, әдістерді пайдалануға талпындыру.<br>Пәннің негізгі тараулары Қазақ тіл біліміндегі актуальды мәселелерге арналған жаңа еңбектермен, ондағы теориялық тұжырымдамалармен, концепциялармен танысу, олардың білімін тереңдету, | Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері<br>Тіл білімінің жаңа бағыттары | Білуі тиіс: Тілдегі актуальды мәселелерге арналған жаңа бағыттардың ерекшелігін, түрлерін білуі тиіс.<br>Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді.<br>Дағдысы: мамандық дағдыларын жетілдіреді<br>Құзыреттілігі: Теориялық тұжырымдамалармен, концепциялармен, түрлерімен | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жан-жақты таныстыруды камтамасыз ететін білімдік үрдіс. | | | | |
| | АОМ 5302 Әдебиеттанудың өзекті мәселелері | Пәнді оқытудың мақсаты - Әдебиеттану ғылымының басқа ғылымдармен байланысы, әдебиеттану ғылымының мақсат-міндеттері, салалары, қазақ өлеңтанудың шарттылық мәселелері, әдеби процесс, әдеби бағыт, бағдарлар, текстология және қазақ әдебиеті мен модернистік өнер.<br>Пәннің негізгі тараулары – Қазіргі әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы жаңа проблемалары, орта ғасырдағы түркі әдебиетіндегі компративистиканың өзекті мәселесі | Әдебиеттанудың жаңа бағыттары, Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері | Білуі тиіс – әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы пәнінен алған білімдерін одан әрі тереңдетуі;<br>Бүгінгі әдеби процесті, әдебиеттанудағы жаңа ғылыми пайымдауларды меңгеруі;<br>Әрбір тақырып бойынша бастапқы құжаттармен танысып, толтыруды;<br>Өзекті, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығының болуы;<br>Ғылым мен практиканың қазіргі кезеңдегі теориялық, методикалық, технологиялық жетістіктеріне сүйене отырып жасай алуы.<br>Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді.<br>Дағдысы: мамандық дағдыларын жетілдіреді.<br>Құзыреттілігі: қазіргі заманғы өзекті мәселелерді ажырата білуі. | | | | |
| | КАОМ5302 Қазақ әдебиеттануының өзекті мәселелері | Пәнді оқытудың мақсаты Қазақ әдебиетінің басқа ғылымдармен байланысы, әдебиет ғылымының мақсат міндеттері, салалары. Пәннің негізгі тараулары Қазақ әдебиеті ғылымының бүгінгі таңдағы жаңа проблемалары, өзекті мәселелері | Әдебиеттанудың жаңа бағыттары, Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері | Білуі тиіс – әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы пәнінен алған білімдерін одан әрі тереңдетуі;<br>Өзекті, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығының болуы;<br>Ғылым мен практиканың қазіргі кезеңдегі теориялық, методикалық, технологиялық жетістіктеріне сүйене отырып жасай алуы.<br>Біліктілігі: кәсіби | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | біліктілігін көтереді. Дағдысы бар: мамандық дағдыларын жетілдіреді. Құзыреттілігі: қазіргі заманғы өзекті мәселелерді ажырата білуі. | | | | |
| 7 | KGTN 5303 Қазақ графикасының теориялық негіздері | Пәнді оқытудың мақсаты латын графикасы негізіндегі қабылданған әліпбиді прецедент ретінде ала отырып, оның графикалық құрылымын, тілдік бірліктердің әліпбидегі әріптермен таңбалану ерекшелігін айқындау.Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін жасаудың алғашқы қадамын толықтай талдап, сол кезеңдегі басты критерийлер мен негізгі ұстанымдарды айқындау. Әліпби таңдаудағы бағыт-бағдарларды айқындау; жалпытүркілік ортақ әліпби жасау, графиканы бірегейлендіру, жалпытүркілік әліпбиге бейімдеу қағидатын (принципін), жобаларының нәтижесін, қолданылу шегін көрсету | Қазақ тілінің фонетикасы және графикасы | Білуі тиіс: графикалық құрылымын, тілдік бірліктерді; Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді. Дағдысы: мамандық дағдыларын жетілдіреді Құзыреттілігі: Теориялық тұжырымдамалармен, концепциялармен, түрлерімен жан-жақты таныстыруды қамтамасыз ететін білімдік үрдіс. | КП | ТК | 5 | 2 |
| | ZhT 5303 Жазу тарихы | Пәнді оқытудың мақсаты қазақ жазу тарихының қалыптасу және даму кезеңдері жөнінде ғылыми тұрғыда жүйелі білім беру болып табылады. Пәннің негізгі тараулары: әдеби тіл және оның нормалары, әдеби тіл туралы ұғым, әдеби тілге қойылатын талаптар мен әдеби тіл нормалары, әдеби тілдің даму кезеңдері т.б. | Қазақ тілінің фонетикасы және графикасы | Білуі тиіс: Жазу тарихы, оның даму кезеңдері лексика-грамматикалық құрылымы. Біліктілігі: Жазу тарихы жалпыхалықтық тілмен, ауызекі сөйлеу тілімен, арақатынасын ажырату. Дағдысы: ұлттық әдеби тіл нормалары, оның ауызша, жазбаша түрлері, стильдік тармақтары Құзыреттілігі: ұлт тіліндегі шешендік сөз, ойталқы, тілдің коммуникативті қызмет саласында білімдерді меңгеру. | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | KNP 5303 Қазақ халық прозасы: тарихы мен теориясы FZhT5303 | Пәнді оқытудың мақсаты - Қазақ халқының ауыз әдебиеті – халықтың сөз өнері мұраларының жанрлық түрлерін толық қамтиды. Пәннің негізгі тараулары - Халық әдебиетінің ежелгі замандардан бастап калыптасқан үлгілерінің тақырыптық, көркемдік сипаттары фольклортану ғылымының зерттеулерінің аясында теориялық және практикалық тұрғыдан жан – жақты талдана түсіндіріледі. | Қазақ халық ауыз әдебиеті | Білуі тиіс: Ауыз әдебиет үлгілерін меңгеріп, оларды ғылыми-теориялық тұрғыда саралай білуі тиіс. Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді. Дағдысы: мамандық дағдыларын жетілдіреді Құзыреттілігі: қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған дәстүрлі мәдениеті үлгілерімен, халық өнерінің түрлерімен, әлем фольклор ғалымдарының еңбектерімен, ғылыми көзқарастарымен таныса отырып, қазақ ғалымдарының еңбектерімен сабақтастыра талдап, ауыз әдебиеті шығармаларымен толық танысу, туыстас түркі халықтарының әдеби мұраларымен танысып, салыстыра оқу, шығармаларды тақырыптық- көркемдік сипаттарын толық талдау түрлерімен жан-жақты таныстыруды қамтамасыз ететін білімдік үрдіс. | | | | |
| | FIT5303 Фольклордың жалпы теориясы | Пәнді оқытудың мақсаты Мазмұн-мәні терең, әрі көркем халық әдебиетін аса бағалы байлық ретінде оқыта отырып, оның өзіндік сыр-сипатын танытып, жастарға тағылым беру болып табылады. Пәннің негізгі тараулары: Халық әдебиетінің ерекшелігі туралы түсінік Үйлену салты және наным-сенімге байланысты өлеңдер. Лирикалық өлеңдер. Мақал-мәтелдер. Жұмбақ, жаңылтпаш, | Қазақ халық ауыз әдебиеті | Білуі тиіс: қазақ фольклорының өзіндік ерекшеліктері, жанрлары туралы. Біліктілігі: қазақ фольклорының зерттелу тарихы, фольклортану ғылымының тарихы туралы хабардар болады Дағдысы: Қазақ халық ауыз әдебиеті мұраларының мәтінімен | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | өтірік өлең. Шешендік сөздер. Аңыз-әңгімелер және олардың мифпен байланысы. Ертегі және оның түрлері. Эпостық жырлар және оның зерттелуі. Тарихи жырлар. Лиро-эпос. Айтыс және қазіргі заман халық поэзиясы. | | танысып, олардың идеялық-эстетикалық құндылықтары туралы өзіндік пікір қалыптастырады. Құзыреттілігі: Қазақ фольклорының көркемдік ерекшелігі және жазба әдебиеттің қалыптасуына әсер-ықпалын бағамдай білуге үйренеді. | | | | |
| 8 | SMK 5304 Сөз мағынасының құрылымы | Сөз мағынасының мағыналық құрылы пәнін оқу барысында сөз мағынасының мағыналық құрылымы болып табылатын сөз мағыналары туралы білім беріледі. Сөздің бастапқы атауыш немесе тура мағынасы ауыспалы мағына тудыратын сөздің басқа мағыналарына негіз болады. Сөздің затты, құбылысты тікелей атаудан туындайтын мағынасы атауыш (номинативті) мағына деп аталады. Ол мағына затты, құбылысты тікелей атап көрсететіндіктен кейде сөздің тура мағынасы деп те аталады. Пәнді оқыту барысында сөз мағынасының түрлері туралы білім беріле отырып, магистранттардың сөз мағыналары туралы білім ауына ықпал етеді. | Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы | Білуі:<br>- сөздің негізгі мағынасы;<br>- сөздің тұрақты мағынасы;<br>- сөздің нақты (конкретті) мағынасы;<br>- сөздің контекстік мағынасы және көп мағыналылығы;<br>- сөздің абстакті мағынасы;<br>- сөздің тура мағынасы; сөздің ауыс мағынасы туралы біледі.<br>Түсінуі:<br>- сөздің грамматикалық және лексикалық мағынасын;<br>- сөздің нақты және дерексіз мағыналарын түсінеді.<br>Қолдануы:<br>- сөздің түпкі және туынды мағынасы;<br>- сөздің еркін және байлаулы мағынасы деп бөледі.<br>- сөздің бейтарап және терминдік (кәсіби) мағыналары; | КП | ТК | 5 | 2 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | - сөздің бейнелі және поэтикалық мағыналарн жіктей алады. | | | | |
| | LMzh TJ5304 Лексикалық мағына және тілдік жүйе | Лексикалық мағына және тілдік жүйе пәнін оқыту барысында сөздік лексикалық мағынасы туралы білім беріле отырып, тілдік жүйедегі алатын орнына талдау жасалады. Сөздің ішкі мағыналарының дамып отыруына байланысты туындайтын синонимдік, омонимдік, антонимдік мағыналар да түбір сөздің түпкі мағынасына негізделіп өрбитін туынды мағына да лексикалық мағыналардың түрлеріне жатады. Сөздердің лексикалық тіркесімділігі синтагмалық байланыс деп аталады. Синтагмалық байланыс өзгерсе, сөз мағынасы да өзгереді. Сөздердің логикалық-ұғымдық, семантикалық, синтаксистік, тіркесімділік қабілетін анықтаушы тілдік мағына синтагмалық мағына деп аталады. Пәнді оқыту барысында тілдік жүйедегі лексикалық мағынаның орны айқындалады. | Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы | Білуі:<br>-лексикалық мағынаның түрлерін;<br>-шындық болмысқа қатысты атауыш (тура) мағына, ауыс мағына;<br>сөздердің шығу тегіне байланысты түпкі мағына, туынды мағына;<br>- сөздердің тіркесімділігіне байланысты еркін мағына, шартты мағына және олардың жасалуы туралы біледі.<br>Түсінуі:<br>-фразеологиялық байлаулы мағына,<br>-сөздердің стилистикалық қызметіне байланысты бейтарап мағына;<br>-бейнелі мағына;<br>- терминдік мағына;<br>- поэтикалық мағына және олардың жасалу жолдарын түсінеді.<br>Қолдануы:<br>-сөз мағынасының түрлерін білу, түсіну магистранттардың тіл байлығының арта түсуіне, тілдік жүйе туралы мол білімнің қалыптасуына;<br>- ғылыми және шығармашылық жұмыс барысында қолдануына | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ықпал етеді. | | | | |
| | ATzhE5305 Әдебиет теориясы және эстетика | Әдебиет теориясы және эстетика курсы — көркем сөз шығармашылығының өзіндік болмысын, эстетикасы мен психологиясын, қоғамдық функциясын, мазмұнын талдаудың методологиясы мен методикасын айқындайтын әдебиеттану ғылымының негізгі салаларының бірі. Әдебиет теориясы зерттейтін мәселелер негізінен үш циклдан тұрады: Жазушының өмір шындығын образды түрде бейнелеу ерекшеліктері жөніндегі ілім; Әдеби шығарманың әдеби көркемдік құрылымы жөніндегі ілім; Әдеби процесс жөніндегі ілім. Бірінші циклда шығарманың көркемдік образдылығы, эстетикалық идеал, дүниетаным және әдеби творчествоның өзін тұтастай алғанда оның халықтығы, шыншылдығы мен шынайылығы жөнінде қарастырылады. Екіншіден, шығарманың тақырыбы мен идеясы тип пен характер, сюжет, композиция, өлең құрылысы, әдеби тіл мен стиль мәселелері қарастырылады. Үшінші циклда жалпы көркемдік дамудың тарихи сипаты, әр дәуірдегі бағыт-бағдары, әдеби ағымдар мен әдістер, жанрлар мен жанрлық түрлер талданып, тексеріледі. | Әдебиет теориясы | Магистранттар пән негізінде: көркем сөз шығармашылығының өзіндік болмысын меңгереді; Әдебиет теориясы мәселелерін зерттеуге дағдылары мен біліктерін қалыптастырады; Әдеби процесс жөніндегі танымдық және тәжірибелік іскерлігін қолдануға баулынады; | | | | |
| | AEK 5305 Әдебиеттанудың эстетикалық қырлары | Әдебиет теориясы зерттейтін мәселелер негізінен үш циклдан тұрады: Жазушының өмір шындығын | Әдебиет теориясы | көркем сөз болмысын меңгереді; теориялық мәселелерін зерттеу дағдыларын | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | образды түрде бейнелеу ерекшеліктері жөніндегі ілім; Әдеби шығарманың әдеби көркемдік құрылымы жөніндегі ілім; Әдеби процесс жөніндегі ілім. | | қалыптастырады; | | | | |
| 9 | КТАВ 5304 Қазақ-түркі әдеби байланысы | Пәннің мақсаты әдеби байланыстың теориялық негіздерінен хабар беру.Түркі және қазақ халықтарының әдебиетінің рухани алмасу арналары. Түркі, қазақ халықтары арасындағы әдеби байланыс. Қазақ және түркі батырлық эпостары арасындағы байланыс. Батыс пен шығыс арасындағы сюжет алмасу мәселесі. | Қазақ халық ауыз әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе, Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті | Білуі тиіс: әдеби байланыстың теориялық негіздерін; қазақ жәнетүркі халықтары әдебиеті шығармаларындағы ортақ сарын, сабақтастық: Түсінуі: екі ел арасындағы ұқсастық пен өзгешелікті, ортақ сабақтастықты Дағдысы: қазақ және түркі халықтары арасындағы әдіби байлланыс, ортақ сарын, сюжет алмасу теориясы Қолданылуы: текстологиялық және салыстырмалы талдау | КП | ТК | 5 | 2 |
| | АВ 5304 Әдеби байланыс | Пәннің мақсаты әдеби байланыстың теориялық негіздерінен хабар беру.Шығыс елдері мен қазақ әдебиетінің рухани алмасу арналары. Түркі халықтары арасындағы әдеби байланыс | Қазақ халық ауыз әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе, Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті | Білуі тиіс: әдеби байланыстың теориялық негіздерін; қазақ және шығыс әдебиеті шығармаларындағы ортақ сарын, сабақтастық: Біліктілігі: Әдеби байлнасыың теориясын; Қолданылуы: қазақ шығыс әдеби байланысын, ортақ сабақтастықты; | | | | |
| | Lin5305 Лингвоэкология | Лингвоэкология – қазақ тілінің ұлттық өмір сүру кеңістігін шектеген басқыншы тіл – орыс тілінің қазақ тіліне тигізген зардаптарын зерттеуден, яғни қазақ тілінің тәуелсіздігін қалыптастыру сұранысынан туған тіл білімінің | Тарихи грамматика, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы | Білуі: -тіл тазалығын сақтау, өзге тіл басуыншылығынан қорғаудың қоғамдық маңызын, -тілдің белгілі бір тілдік қоғамда дамуына, яғни қолданылу өрісіне шектеу | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
